

Өзіндік шығармашылық жұмыстар арқылы оқушылардың педагогикалық-шығармашылық біліктілігін қалыптастыру


Магистр Ерполатова Ш.Е., профессор Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, (Ақтау, Қазақстан)

Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Бұл жерде ұлы дана Абайдың сөзі еріксіз ойға оралады: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар еңбегің мен ақылың екі жақтап». Оқушылардың бойында шығармашылық біліктілікті арттырудың және дұрыс нәтижеге жетудің маңызды шарты – оқушылардың іс-әрекеттеріне, ізденістеріне, шебер педагогикалық басшылық жасау болып табылады. Бұларды меңгеру үшін, оқушы бойында шынайы білім мен біліктілік, талап пен талғам болуы керек және тәрбие қажет. Ал, біліктілік – адамның өмір жолында көргені мен естігенінің тиімдісін, құндысын, пайдалысын көңілге тоқудан, ал білімділігі – тікелей ғылым негіздерімен қаруланудан, оқудан құралмақ. Сондықтан да, оқыту үрдісінде рухани бай, шығармашылықпен, үйлесімді, терең ойлайтын тұлғаны қалыптастырған жағдайда, ақпарат беруге бағытталған білім парадигмасынан біліктілік тұрғысындағы парадигмасына көшу, сонымен қатар, білімнің қызметі, практикалық мазмұны арқылы шынайы өмірге шығуды қамтамасыз етуге басты назар аударылуы қажет. Біліктілікті қалыптастырудағы бағыттылық оқушыға объект емес, субъект ретінде қараудың өзектілігін көрсетеді, бұл оқушының білімді өз бетімен іздену дайындығын қамтамасыз етеді. Мектеп оқушыларының шығармашылық біліктілігі:

- *білімнің құзыреттілігі:* игерген білімін, оқу біліктері мен дағдыларын, сондай-ақ амал-әрекет тәсілдерін тұлғалық және әлеуметтік мәнді іс-әрекетінде жүзеге асыруға оқушының дайын болуы, алынған білім, білікті тәжірибеде қолдана білу;
- *Жалпы мәдениеттілік:* ақпараттануды, ұлттық және жалпы адами мәдениет салаларынан таным мен іс-әрекет тәжірибесін игеру;
- *Құндылық:* оқушының дүниетанымдық ұстанымдары және қоршаған дүниеге құндылық қатынастары.
- *Оқу-интеллектуалдылық:* оқушылардың мақсат қою, жоспарлау, талдау, өзіндік танымдық және шығармашылық іс-әрекетке байланысты білім, біліктерді игеруі.
- *Ақпараттық технология:* Оқу пәндерінде және білім салаларында, сондай-ақ, қоршаған ортада кездесетін ақпараттарды оқушылардың өздігінен іздестіру, талдау, іріктеу, түрлендіру, сақтау және жеткізу біліктерінің қалыптасуы.
- *Қарым-қатынастық:* Өзін қоршаған ортадағы адамдармен және оқиғалармен өзара әсерлесудің қажетті тәсілдерін білу, топпен жұмыс жасау дағдыларын, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөл атқара білу.
- *Әлеуметтік:* оқушылардың қазіргі қоғамда өмір сүруге ең қажетті білімді және қоғамдық қызметке, әлеуметтік салаға, отбасылық қарым-қатынасқа,

экономика және құқық салаларына, өзінің кәсіби болашағын анықтауға қажетті тәжірибені, әлеуметтік белсенділік және қызметтік сауаттылықтың дағдыларын өздігінен меңгеруі.



Сурет 1 – оқушылардың шығармашылық жұмыстары ақылы педагогикалық-шығармашылық біліктілігін қалыптастыру механизмі

Білім алуға қызығушылықты дамыту үшін мынадай шарттар қажет: оқушының өздігінше ізденуге, жаңа білім «ашуға», проблемалық тапсырмаларды шешуге тартылуы. Оқушылардың өздігінше жұмысы түрлі тақырыптарда шығармалар мен рефераттар жазу, баяндама жасауға дайындалу, тәжірибелердің жаңа нұсқаларын іздестіру, тәжірибені жасау әдістерін ойластыру және т.б. жұмыстар арқылы орындалады ақылы педагогикалық-шығармашылық біліктілігін қалыптастыруды жоғарыда көрсетілген механизм арқылы дамытуға болады. Өйткені, бұл жүйелі механизм арқылы оқулықпен, қосымша көркем әдебиет, тарихи құжаттармен, карта, сызбамен үздіксіз жұмыс жүргізу, нақты бір тақырыптар бойынша жауаптар жоспарын құру, кестелерді толтыру, әдеби сөздіктермен өздігінен жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруға болады. Оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындау біліктілігін қалыптастыру бойынша мақсатты бағытталған түрлі жұмыстардың жүргізілмейтінін, оқушылардың өздігінше реферат, баяндама, шығарма жазу, оларға пікір жазу біліктіліктерінің төмен екендігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Зерттеу барысында, мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстары ақылы педагогикалық-шығармашылық біліктілігін арттыруға байланысты мұғалімдер арасында біз жүргізген сауалнама, әңгімелесу нәтижелеріне келсек, бұл мәселенің де өз деңгейінде толық шешім таппай отырғаны байқалады. Бұл ретте мынадай кемшіліктерді атап айтуға болады: мұғалімдердің бұл саладан даярлығының төмендігі; бұл жұмыста бірізділік пен жүйеліліктің болмауы; жеткілікті көңіл бөлінбеуі; оны жетілдіруге байланысты жұмыс түрлерінің ұйымдастырылмауы; оқушыларды қызықтыратын, белсендендіретін әдіс-тәсілдердің жеткіліксіздігі. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындау біліктілігінің қалыптасуы сауалнама, әңгімелесу, сұхбат алу арқылы анықталды. Сауалнамаға берілген жауаптардың кейбіреуі көңілден

шыққанымен, көпшілігі көкейге біраз ой салады. Мәселен, экспериментке қатысқан оқушылардың көпшілігі өздігінен орындайтын жұмыс түрлерінің мақсаты мен міндеттері түгіл, олардың аттарын да айтып бере алмайды. Ал бақылау нәтижесінде жасалған талдау мынаны көрсетті: оқушылар өздігінен білім алуға, ізденіске қызықпайды; өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, өздігінен білім алу әдіс-тәсілдерін меңгеруге көңіл аудармайды; шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындайды, ойлау мәдениеттерін дамытатынын түсінбегендіктен, өздігінен орындайтын тапсырмаларды қажетсінбейді, оқушылардың шығармашылық жұмыстарды өздігінен орындау біліктілігі бойынша пән мұғалімдері даярлығының төмендігі айқындалды. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындау біліктілігінің құрылымына теориялық талдау жасай отырып, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін былайша айқындадық:

– *эмоционалдық компонент* – оқушылардың шығармашылық жұмыстарды – кесте, сызба, диаграмма, реферат, тезис, баяндама, т.б. өздігінше орындаудағы эмоционалдық көңіл күйін, алғашқы әсерлі өзіндік талдау, жаңа дерек көздерін игеру, оны орындай алуын білдіреді;

– *интеллектуалдық компонент* – оқушылардың шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындаудағы ой-өрісінің белсенділігін, оларды өзі жасауға деген талпынысын, меңгергенін топпен (ұжыммен, сыныппен) жұмыс істеуде бөлісе білуін көрсетеді;

– *еріктік компонент* – оқушылардың шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындаудағы ерекше ұмтылысын, оларды мұғалімнің көмегінсіз шығармашылықпен орындай білу біліктілігін, шығармашылық шешімін іздестірудегі талпынысын, іс-әрекетін бейнелейді. Осы өлшемдердің негізінде сауалнамалар, әңгіме жүргізу, тест алу, сұрақ-жауап, интерактивті әдістер арқылы мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстары ақылы педагогикалық-шығармашылық біліктілігін қалыптастырудың деңгейлерін (жоғары, жеткілікті, орта, төмен) анықтадық.

Қазіргі таңдағы жалпы білім беретін мектептің оқушыларының өздігінен жұмыс орындау үрдісіне жоғарыда берілген талдау және олардың шығармашылық жұмыстарды өздігінен орындау біліктілігін қалыптастыру моделі оқушылардың шығармашылық біліктілігін жоғары деңгейде қалыптастыратын принциптер жүйесін және өздігінен орындайтын жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын айқындауды талап етеді. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеп, білім алуға үйренуінің жемісті болуы, ең алдымен, мектептегі оқыту процесінің ерекшеліктеріне, әдіс-тәсілдеріне, сабақтың жүргізілу әдістемесіне, оқушылардың психологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева.Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту: п.ғ.д. ... дисс. автореф. 13.00.01.- Алматы, 2006.- 25-26 б.
2. Сабыров Т. Мұғалімдердің дидактикалық даярлығын жетілдіру жолдары. Монография. -Алматы, 1995.- 37 б.
3. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения технологии обучения: автореф. дисс. ... д.п.н.13.00.01. – Алматы, 1994.